

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

**А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ**

**Институттың Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
(2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 4 хаттама)**

**2023-2027 жылдарға арналған
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ**

АСТАНА

2023-2027 жылдарға арналған ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

I. Кіріспе

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының стратегиясы білім беру қызметтері нарығында ЖОО-ны нығайтуға, әлеуметтік ортаның сыртқы жағдайларына бейімделу арқылы тұтынушыларды тартуға және қанағаттандыруға және жоғары білім беру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған. Осыған байланысты ЕАГИ Ғылыми кеңесінің 2022 жылғы 28 желтоқсандағы шешімімен (№ 4 хаттама) А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының 2023-2027 жылдарға арналған даму стратегиясы бекітілді.

Стратегия паспорты

Атауы	ЖОО-ның 2023-2027 жылдарға арналған даму стратегиясы
Өзірлеменің негіздемесі	<p>Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы (14.07.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);</p> <p>«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-I Заңы (10.01.2022 ж. өзгерістер және толықтырулармен);</p> <p>Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» Заңы (01.01.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен);</p> <p>ҚР 2015 жылғы 31 қазандағы №381-V «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңы (2021 жылғы 27 желтоқсандағы өзгерістер мен толықтырулармен);</p> <p>ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы (2021 жылғы 29 желтоқсандағы жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен);</p> <p>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 4 шілдедегі №171-VI Заңы;</p> <p>Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы (03.05.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен</p>

	<p>және толықтырулармен); Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №521 «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары» Жарлығы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидалары» №575 қаулысы (2021 жылғы 22 қазандағы №758 өзгерістермен және толықтырулармен); Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғырту жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Гүлденген қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы; 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы №670 Жарлығы: «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы; «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы; «Цифрландыру, ғылым және инновация есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы; Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба.</p>
Өзірлеуші	А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты
Стратегияның мақсаттары	<p>Ғылым мен практиканың басымдықтарына сәйкес қазіргі тенденциялар контекстінде жоғары білім мазмұнын жаңғырту. Кадрлық әлеуетті және институт қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесін дамыту. Институт қызметінің барлық салаларында ақпараттық-</p>

	<p>коммуникациялық технологияларды дамыту.</p> <p>Ғылыми зерттеулер мен инновациялардың сапасы мен нәтижелілігін арттыру, ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру.</p> <p>Тәрбие үдерісін жаңғырту және жүйелі жетілдіру.</p>
Стратегияның міндеттері	<p>Болон процесінің параметрлеріне сәйкес институттың білім беру ортасын жетілдіру.</p> <p>Институттың инфрақұрылымын, материалдық-техникалық базасын жаңғырту, дамыту.</p> <p>Білім беру үдерісін әдістемелік сүйемелдеу.</p> <p>Педагогтерді даярлау және қайта даярлау деңгейін арттыруды қамтамасыз ету арқылы ЖОО-ның кадрлық әлеуетін нығайту.</p> <p>IT-инфрақұрылымды дамыту және компьютерлік, телекоммуникациялық жабдықтарды ұлғайту.</p> <p>Зияткерлік оқыту жүйесін құру.</p> <p>Ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыру үшін жағдайлар жасау.</p> <p>Студент жастарды бейімдеу және әлеуметтік қолдау.</p> <p>Білім алушылар үшін денсаулық сақтау ортасын қамтамасыз ету.</p> <p>Студент жастардың шығармашылық әлеуетін іске асыру үшін жағдай жасау.</p> <p>Студенттердің деструктивті діни идеологияға қарсы иммунитетін тәрбиелеу.</p> <p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру.</p>
Іске асыру мерзімдері	2023 – 2027 жылдар
Қаржыландыру көздері мен көлемі	<p>Институттың даму стратегиясын іске асыруға институттың меншікті қаражаты 285300 мың теңге мөлшерінде бағытталатын болады:</p> <p>2023 – 51000 мың теңге</p> <p>2024 – 53500 мың теңге</p> <p>2025 – 56700 мың теңге</p> <p>2026 – 60100 мың теңге</p> <p>2027 – 64000 мың теңге,</p> <p>сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаражаттар.</p>

II. ЖОО-дағы ағымдағы жағдайды талдау

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты білім беру қызметтері нарығында 25 жылдан астам уақыт, 2016 жылы институт институционалдық және 2016, 2017 жылдары мамандандырылған аккредиттеуден өтті. 2021 жылы ЖОО Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттікте (БСҚТА) халықаралық институционалдық аккредиттеуден өтті. Халықаралық аккредиттеуден барлық 9 білім беру бағдарламасы өтті (2021 ж., 2022 ж.):

6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті

6B01102 – Педагогика және психология

6B01303 – Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

6B01704 – Шетел тілі: екі шетел тілі

6B01205 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

6B01606 – Тарих

6B02307 – Аударма ісі

6B04108 – Қаржы

6B04209 – Құқықтану

Бакалавриаттың барлық білім беру бағдарламалары сараптамадан өтіп, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген. Жыл сайын институт Атамекен ҰКП өткізетін білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысады. ЕАГИ-де оқыту күндізгі нысан бойынша, күндізгі нысан бойынша қысқартылған оқу мерзімімен жүзеге асырылады.

Институттың құрылымына ректорат, деканат, академиялық мәселелер және аккредиттеу жөніндегі департамент, білім беру сапасы мониторингі бөлімі, қашықтықтан білім беру технологиялары орталығы, 5 кафедра, кітапхана, білім алушыларды тіркеу бөлімі, ғылыми-проблемалық зертхана, ғылыми-редакциялық бөлім, жастар ісі жөніндегі комитет, кадрлар бөлімі, бухгалтерия, әкімшілік-шаруашылық бөлім, студенттер бөлімі, медпункт, асхана кіреді.

Қазіргі уақытта институтта 121 жоғары білікті оқытушылар жұмыс істейді, оның ішінде 6 ғылым докторы мен профессорлар, 9 PhD, 47 ғылым кандидаттары, доценттер, 56 магистрлер; АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Түркия және Ресейде тағылымдамадан өткен оқытушылар; Президент Әкімшілігінде, Парламентте, Конституциялық кеңесте, Әділет және ішкі істер министрліктерінде, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде жұмыс істейтін басқарушы мамандар.

Институттың миссиясы, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері материалдық және қаржылық ресурстар, кадрлық және зияткерлік әлеует, сондай-ақ оларды іске асыру мүмкіндіктерін бағалау негізінде тұжырымдалған.

Институттың 2018-2022 жылдарға арналған даму стратегиясы іске асырылды. Алға қойылған мақсаттарға жету үшін институттың барлық стратегиялық жоспарларын орындаудың өзара байланысы байқалады.

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының инновациялық әлеуеті өте жоғары. Қазіргі уақытта институт ғалымдары ғылымның түрлі салаларында жобаларды жүзеге асыруда:

- Қазақстандағы тарихи-мәдени үдерістер (XX-XXI ғғ.);
- мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және педагогикалық технологиялар;
- мемлекеттің тұрақты қаржылық саясатын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан экономикасын жаңғырту;
- Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамытудың тиімді тетіктерін қалыптастыру;
- кешенді тәсілдің теориялық-әдіснамалық негіздері: шет тілдерін оқыту, лингводидактика және аударматану;
- Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы мен халықаралық құқықтық нормалардың арақатынасы мәселесі;
- қазіргі кезеңдегі тіл білімі мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері.

ЕАГИ-де педагогика кафедрасының жанында 2002 жылдан бері ғылыми-проблемалық зертхана жұмыс істейді (жетекшісі – п.ғ.д. Сәрсекеев Б.С.). Ғылыми-проблемалық зертхана қызметінің негізгі бағыттары мұғалімнің қызметін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді дайындау және мектеп оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін (ОӘК) әзірлеу болып табылады. Ғылыми-проблемалық зертхана ҚР БҒМ Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектебінде пайдалану үшін міндетті деп ұсынған 14 оқулық, 8 әдістемелік құрал және 5 оқу құралын шығарды. Сонымен қатар, зертхана тарихшы студенттерге арналған оқу құралын дайындап, оқу үдерісіне енгізді. Сондай-ақ, педагогика кафедрасында 2010 жылдан бастап инклюзивті білім беруді сүйемелдеу бойынша психологиялық-педагогикалық қызмет жұмыс істейді, оның мақсаты мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың оңтайлы дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Психологиялық-педагогикалық қызметтің негізгі міндеттері ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім беру үдерісін ұйымдастыруда педагогтар мен мамандардың қызметін үйлестіру, инклюзивті оқытудың барлық субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау болып табылады.

Заң пәндері кафедрасында көпфункционалды оқу-зертханалық криминалистикалық кешен бар. Осы зертханалық кешеннің негізінде қылмыстық іс жүргізу және тактикалық-криминалистикалық сипаттағы негізгі заңдылықтарды анықтауға, криминалистік полигон базасында тергеу әрекеттерін дербес модельдеу арқылы жекелеген тергеу әрекеттерін ұйымдастыруға және жүргізуге байланысты зерттеулер жүргізіледі.

Шет тілдері кафедрасында студенттердің шет тілдерін оқыту әдістемесі, білім беру тақырыптарында шет тілі бойынша практикалық сабақтар, оқытылатын тіл елдерінің саяси құрылымы, елтану, қазіргі шет тілі әдебиеті, теориялық грамматика, ағылшын тілінің лексикологиясы бойынша зерттеу жобаларын орындауы үшін оқу-зерттеу зертханасы толыққанды жұмыс істейді, орындалған жобалар бойынша студенттердің презентациялары бар.

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында «Филология ғылымдары» бағыты бойынша «Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы» ғылыми журналы шығарылады, ол 2022 жылғы қаңтарда ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдар тізбесіне енгізілген.

Журналда халықаралық стандартты сериялық нөмір бар. Институт кітапханасының ғылыми әдебиеттер қоры үнемі толықтырылып отырады.

ПОҚ пен студенттерді ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді қатысуға тарту үшін институт ЖОО-ның ғылыми-зерттеу жұмысы саласындағы саясаты туралы ақпаратты уақтылы ұсынады. Барлық кафедраларда белгілі ғалымдар, тәжірибелі оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер басқаратын ғылыми үйірмелер мен проблемалық топтар құрылып, белсенді жұмыс істейді. А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында оқытушылар мен студенттерді белсенді зерттеу жұмысына ынталандыру және уәждеу жүйесі құрылған. Институтта ғылыми жұмыстың сапасын арттыру үшін ПОҚ пен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын материалдық және материалдық емес көтермелеу және ҚР ҒЖБМ және ҚР жоғары оқу орындары қауымдастығының желісі бойынша төсбелгілермен, медальдармен, грамоталармен марапаттау түрінде ынталандыру шаралары бар.

Институт түрлі ғылыми іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге пәрменді көмек көрсетеді, консультациялық және ресімдеу көмегін көрсетеді, ғылыми конференцияларға шығуға немесе ғылыми зерттеулер жүргізуге байланысты іссапар шығындарын төлейді.

Институттың заманауи жабдықтармен жабдықталған жеке оқу ғимараттары, спорт кешені, тренажер залы, кітапхана, студенттік кафе, жатақхана бар. Медициналық қызмет көрсетіледі және институтта студенттердің тамақтануы қамтамасыз етіледі.

Институт өзінің өмір сүру кезеңінде Астана қаласы мен Республиканың білім беру кеңістігінде өз орнын алды, жоғары білімді одан әрі жаңғырту бойынша күрделі міндеттерді шешуге қабілетті пікірлестердің жоғары білікті және үйлесімді ұжымы қалыптасты.

III. ЖОО миссиясы – қазіргі кәсіби қызмет жағдайында бәсекеге қабілетті, құзыретті мамандар даярлау.

Стратегиялық болжам:

ЕАГИ – елорданың зияткерлік және білім беру орталығы, қоғам мен мемлекеттің еңбек нарығында сұранысқа ие, кәсіби құзыреттіліктері, инновациялық тәсілдері мен зерттеу дағдылары бар жоғары білікті кадрларды даярлаудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі.

ЕАГИ-дің 2023-2027 жылдарға арналған даму стратегиясы білім мен ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, адами капиталды дамытуға, ел экономикасын жедел әртараптандыру және орнықты дамыту үшін білім мен ғылымның нақты үлесін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен, инновациялық үрдістермен және білім беру жүйесін дамытудағы жаңа басымдықтармен айқындалған.

ЕАГИ-дің даму стратегиясын әзірлеу үшін негізгі стратегиялық құжаттар: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы (14.07.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен); «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-I Заңы (10.01.2022 ж. өзгерістер және толықтырулармен); ҚР 2015 жылғы 31 қазандағы «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» №381-V Заңы (2021 жылғы 27 желтоқсандағы өзгерістер мен толықтырулармен); Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» Заңы (01.01.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен); ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы (2021 жылғы 29 желтоқсандағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен); Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары» Жарлығы; мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы; мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғырту жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы; мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Гүлденген қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған 2018 жылғы 24 шілдедегі №460 мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңы (03.05.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

ЕАГИ стратегиясы ҚР білім беру саласындағы мемлекеттік саясатына сәйкес оқу үдерісін жаңғырту негізінде білім беру қызметтері нарығында бәсекеге түсуге мүмкіндік беретін білім беру бағдарламаларының мазмұны мен білім беру сапасының деңгейіне шығудың басты мақсатына қол жеткізуге арналған.

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының миссиясы мынадай міндеттерді іске асырудан тұрады:

Білім беру – Қазақстанның ішкі қажеттіліктерін ескере отырып, білім беруді дамытудың қазіргі әлемдік үрдістеріне бағдарлана отырып, классикалық білім беруді сақтау және дамыту. Осы міндеттерге қол жеткізу үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде еңбек нарығымен байланысты тереңдету, түлектердің кәсіби және жалпыадамзаттық құзыреттілігін арттыру, мазмұнын,

әдіснамаларын және тиісті оқу ортасын үнемі жаңартып отыру сияқты факторлар міндетті элементтер болып табылады.

Ғылыми – мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және педагогикалық технологиялар; Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы мен халықаралық құқықтық нормалардың арақатынасы мәселелері; мемлекеттің тұрақты қаржылық саясатын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан экономикасын жаңғырту; шет тілдерін оқыту кезіндегі жалпы білім беру үдерісінің әдіснамалық негіздері; тіл білімі мен әдебиеттанудың қазіргі заманғы мәселелері; қазіргі кезеңдегі тарих пен мәдениеттің өзекті мәселелері.

Мәдени – әлеуметтік ортаның өзгеруіне белсенді ықпал ету, белгілі бір рухани атмосфераны құру, проблемаларды зиялы және сындарлы шешуге үйрету, өмірлік модельдерді жүзеге асыруға шығармашылық көзқарас, адам өмірінің барлық кезеңдерінде материалдық және рухани компоненттерді біріктіру қажеттілігі.

Инновациялық – мамандарды даярлауда инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, сапалы классикалық білім беру, білім алушыларда ойлау креативтілігін дамыту.

Кәсіпкерлік – әлеуметтік-бағдарланған кәсіпкерлік белсенділікті дамыту, бизнеспен өзара іс-қимыл жасау, қалыптасқан құндылықтар мен дәстүрлерді сақтай отырып, оларды институттың әлеуметтік бағдарламаларына тарту.

Аталған міндеттерді іске асыру ЕАГИ-ге тұлғаның қалыптасуы мен дамуына әсер ететін ортаны құруға мүмкіндік береді. ЕАГИ ұжымының барлық дерлік мүшелері ЖОО-да оқытудың мазмұны, құрылымы мен әдістері, білім беру сапасын тиімді басқару, білім беру қызметтерін тұтынушыларға бағдарлау және тәрбие үдерісі педагогика, экономика және әлеуметтік ғылымдар саласындағы жетекші ЖОО-ның позицияларына қол жеткізуге және нығайтуға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау үрдісіне қатысады.

ЖОО қызметінің стратегиялық бағыты

- халық шаруашылығының түрлі салалары үшін, оның ішінде инновациялық сала үшін кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау;
- институттың академиялық саясатын жетілдіру және түлектің негізгі және кәсіби құзыреттіліктерінің өзекті тізбесін тиімді қалыптастыруды қамтамасыз ететін жаңа буынның білім беру бағдарламалары мен технологияларын әзірлеу;
- білім, ғылым және инновациялық қызметтің интеграциясы (интеграция үдерісіне енгізілген жекелеген ғылымдардың әрқайсысының неғұрлым күрделі теориялық және практикалық мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін әртүрлі ғылымдар мен ғылыми пәндердің пәндік мазмұны мен әдістерін синтездеу, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыру);
- институттың білім берудегі әлемдік сапа стандарттарына көшуі;
- тәрбие үдерісін жаңғырту және жүйелі жетілдіру; жастарды

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына тарту үшін жағдай жасау;

- материалдық-техникалық базаны дамыту және ресурстармен қамтамасыз ету.

V. ЕАГИ-ді дамыту стратегиясының мақсатты индикаторлары

Мақсат 1: Ғылым мен практиканың басымдықтарына сәйкес қазіргі заманғы үрдістер контекстінде жоғары білім мазмұнын жаңғырту

Мақсатты индикаторлар	Жоспарлы кезеңде (жылдар бойынша)				
	2023	2024	2025	2026	2027
1.1 Болон процесінің параметрлеріне сәйкес білім беру бағдарламалары мен оқу үдерісінің мазмұнын жетілдіру және жаңарту	+	+	+	+	+
1.2 Мемлекеттік лицензия алу мақсатында «Педагогикалық ғылымдар» кадрларын даярлау бағыты бойынша Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тізіліміне жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу	+	+	+		
1.3 Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тізіліміне «Құқық» кадрларын даярлау бағыты бойынша инновациялық білім беру бағдарламаларын енгізу	+	+	+		
1.4 Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу	+	+	+	+	+
1.5 Студенттік орталықтандырылған оқытуды тиімді іске асыруды қамтамасыз ету	+	+	+	+	+
1.6 Білім алушылар контингентін, оның оңтайлы құрылымын қалыптастыру және түлектердің сапалық сипаттамаларын арттыру	+	+	+	+	+
1.7 Студенттер мен	10/3	11/4	12/4	14/5	15/5

профессорлар-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын іске асыру (студенттер/ оқытушылар саны)					
1.8 Білім беру үдерісінің сапасын басқаруды жаңғырту	+	+	+	+	+
Міндет 1.1 Болон процесінің параметрлеріне сәйкес институттың білім беру ортасын жетілдіру					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
1.1.1 Білім беру бағдарламаларының сапасын мониторингілеу үрдістерін әзірлеу және жетілдіру	+	+	+	+	+
1.1.2 Білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарларын жасау	+	+	+	+	+
1.1.3 «Әлеуметтік педагогика», «Логопедия» жаңа білім беру бағдарламаларын қалыптастыру және институттың Ғылыми кеңесінің отырысында бекіту	+				
1.1.4 «Қылмыстық әділет және тергеу-криминалистикалық қызмет», «Азаматтық, еңбек және кәсіпкерлік құқық» инновациялық білім беру бағдарламаларын қалыптастыру және институттың Ғылыми кеңесінің отырысында бекіту	+				
1.1.5 Оқытуға студенттік орталықтандырылған тәсілді жетілдіру	+	+	+	+	+
1.1.6 Дуальды оқыту элементтерін енгізу	+	+	+	+	+
1.1.7 Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқу үдерісін оңтайландыру	+	+	+	+	+
1.1.8 Бакалавриаттың ББ-ларында шет тілін тереңдетіп	3	3	3	3	3

оқуды жалғастыру (шет тілін тереңдетіп оқыту ББ-ларының саны)					
1.1.9 Үш тілде оқыту шеңберінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларының оқу пәндерінің үлесі: – ағылшын тілінде; – қазақ (орыс) тілінде, %	6 10	8 12	9 14	10 15	11 16
1.1.10 Жаңа, инновациялық білім беру бағдарламаларын қалыптастыру және қолданыстағы білім беру бағдарламаларын жетілдіру жөніндегі академиялық комитеттердің қызметін жандандыру (жұмыс берушілерді, түлектер мен студенттерді тарту)	+	+	+	+	+
1.1.11 ЖОО-лар тарапынан білім беру бағдарламаларының сараптамасын қамтамасыз ету	+	+	+	+	+
1.1.12 Жаңа элективті пәндерді енгізу кезінде жұмыс берушілердің, түлектер мен студенттердің ұсынымдарын, сыртқы сараптаманы есепке алу	+	+	+	+	+
1.1.13 «Атамекен» ҰКП Білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу	+	+	+	+	+
1.1.14 Контингентті қалыптастыру кезінде өңірлік экономиканың қажеттіліктерін есепке алу	+	+	+	+	+
1.1.15 Астана қаласы мен Ақмола облысының мектептерін, лицейлерін, колледждерін кәсіптік бағдар беру іс-шараларымен қамту үлесі, кем емес, %	30	35	40	45	50
1.1.16 Имидждік іс-шараларды өткізу: БАҚ-та жариялау, теледидар мен радиода сөз	7	8	9	9	10

сөйлеу; бейне және телевизиялық роликтер, кем емес					
1.1.17 Түлектердің біліктілігін бағалау мәселелері бойынша жұмыс берушілер қауымдастығымен өзара іс-қимыл	+	+	+	+	+
1.1.18 Түлектерді кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, практикадан өтуге шарттар жасасу (<i>шарттар саны</i>)	7	8	8	9	9
1.1.19 Түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша бос орындар жәрменкелеріне және басқа да іс-шараларға қатысу, ұйымдастыру және өткізу (<i>жылына іс-шаралар саны</i>)	2	3	3	3	3
1.1.20 Түлектерді жұмысқа орналастыру, кем емес, %	75	75	75	75	75
1.1.21 Магистратурада оқуды жалғастыру үшін студенттерді ынталандыру	+	+	+	+	+
Міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар					
Астана қаласында және Ақмола облысында ЕАГИ-де дайындық жүргізіліп жатқан мамандықтар бакалавриатының түлектерінде еңбек нарығының қажеттілігіне мониторинг жүргізу (<i>жылына кемінде бір рет</i>)	+	+	+	+	+
Студенттерді шет тілдеріне оқыту ісінде инновацияларды зерделеу және пайдалану мақсатында Француз альянсымен, Гете Институтымен, Конфуций Институтымен және басқа да халықаралық мекемелер және ұйымдармен	+	+	+	+	+

Ынтымақтастықты кеңейту					
Жоғары оқу орны қызметкерлерінің Астана қаласы мектептерінің Қамқоршылық кеңесінде өкілдігі	+	+	+	+	+
ЕАГИ колледжімен Консорциум	+	+	+	+	+
Басқа жоғары оқу орындарының кәсіптік бағдар беру жұмысы, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және түлектерді жұмысқа орналастыру кезінде әлеуетті жұмыс берушілермен ынтымақтастық жөніндегі инновациялық тәжірибесін ұдайы зерделеу	+	+	+	+	+
Институттың Түлектер қауымдастығының мүшелерін тарта отырып, Ашық есік күнін өткізу	+	+	+	+	+
Кафедра филиалдары базасында дуальды оқыту элементтерін енгізу	+	+	+	+	+
Магистрлік даярлықты жүзеге асыратын шетелдік және отандық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы шарттар жасасу	+	+	+	+	+
Міндет 1.2 Институттың инфрақұрылымын, материалдық-техникалық базасын жаңғырту, дамыту					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
1.2.1 Берілген контингенттің 1 студентіне шаққанда пайдалы оқу алаңы, ш.м.	6,65	6,65	6,65	6,65	6,65
1.2.2 Білім алушылардың Республикалық ЖОО аралық электрондық кітапханаға және халықаралық деректер базасына қолжетімділігін қамтамасыз ету	+	+	+	+	+
1.2.3 Оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету:	100	100	100	100	100

кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламасы пәндерінің 100%-ын қамтамасыз ететін, оның ішінде оқыту тілдері бойынша шығарылған соңғы он жылдағы баспа және электрондық басылымдар форматында					
1.2.4 Кітапхананың кітап қорын толықтыруға, оның ішінде білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша оқу әдебиеттеріне бөлінетін қаржы қаражатының көлемі, мың теңгемен	10 000	10 500	10 800	12 100	12 600
1.2.5 Жаңа мультимедиялық техниканы, компьютерлік сыныптарды сатып алу, <i>(мың теңгемен)</i> , кем емес	8 000	8 300	8 500	8 700	8 900
1.2.6 Зертханалық жабдықты жаңарту <i>(жаңартуға арналған қаражат мың теңгемен)</i> , кемінде	4 300	4 600	4 900	5 100	5 300
1.2.7 Білім алушыларды жатақханамен қамтамасыз ету, орындар саны	93	93	93	93	93
Міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар					
Оқу корпусы мен жатақханаларды техникалық күтіп ұстау жөніндегі шараларды іске асыру	+	+	+	+	+
Институт кітапханасында, оның ішінде оқыту тілдері бойынша оқу әдебиеттерін жаңарту мониторингі	+	+	+	+	+
Мультимедиялық техниканы сатып алуға және зертханалық жабдықты жаңартуға қаржы бөлу	+	+	+	+	+
Міндет 1.3 Білім беру үдерісін әдістемелік сүйемелдеу					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
1.3.1 ЖБП циклы пәндерінің нормативтік және ішкі құжаттармен, үлгілік оқу	100	100	100	100	100

бағдарламаларымен қамтамасыз етілуі, %					
1.3.2 Міндетті және элективті пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендермен, электрондық оқу-әдістемелік кешендермен, силлабустармен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету, %	100	100	100	100	100
1.3.3 Оқу үдерісінде цифрлық білім беру ресурсын (ЦБР) пайдалануды кеңейту, %	100	100	100	100	100
1.3.4 ЖОО-да кәсіптік даярлықтың барлық деңгейлерінде инструменталды құзыреттіліктерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін әдістемелік материалдардың, оқулықтар мен оқу құралдарының сапалы жаңа буынын дайындау және басып шығару, б.т., кем емес	287	310	355	380	420
1.3.5 Кітапхана қорын жыл сайын жаңарту (%, қолданыстағы қор негізінде)	3,5	3,6	3,8	4,0	4,0
1.3.6 Түсімдердің жалпы санынан мемлекеттік тілдегі басылымдардың үлесі, %	50	55	55	60	60
1.3.7 Түсімдердің жалпы санынан ағылшын тіліндегі басылымдардың үлесі, %	15	18	22	24	25
1.3.8 Студенттердің берілген ақпараттық және кітапхана ресурстарына қанағаттануы, %	100	100	100	100	100
Міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар					
Кафедралардың жаңа оқу жылына арналған оқу-әдістемелік құжаттамасының дайындығына мониторинг жүргізу	+	+	+	+	+

Пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу және бекіту тәртібі туралы ЖОО ережесіне сәйкестігі	+	+	+	+	+
ЦБР-ды қалыптастыру және жаңарту мониторингі	+	+	+	+	+
Оқу залдарында кітап көрмелерін ресімдеу, стендтерде хабарландырулар орналастыру, институт сайты және «Жас ұрпақ» газеті арқылы оқу-әдістемелік әдебиеттердің кітапханаға түскендері туралы ПОҚ-ты үнемі хабардар ету	+	+	+	+	+

Мақсат 2: Кадрлық әлеует пен институт қызметкерлерінің біліктілігін көтеру жүйесін дамыту

Мақсатты индикаторлар	Жоспарлы кезеңде (жылдар бойынша)				
	2023	2024	2025	2026	2027
2.1 Отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық және оларда ПОҚ-тың біліктілікті арттыру курстары мен тағылымдамалардан өтуі	+	+	+	+	+
2.2 Профессорлар-оқытушылар құрамының кәсіби біліктілігін 5 жылда кемінде 1 рет арттыру (саны, адам)	25	30	35	40	40
2.3 Ғылыми және академиялық дәрежелері бар оқытушылардың үлесі, %, кем емес	50	50	50	50	50
Міндет 2.1 Педагогтерді даярлау және қайта даярлау деңгейін көтеруді қамтамасыз ету					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
2.1.1 Ел ішінде біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өткен ЖОО ПОҚ-ының үлесі, %	47	47	51	56	55

2.1.2 Оқытылатын пәндер бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен ЖОО ПОҚ-ының үлесі, %	21	23	25	26	26
